Секция: «Тарих»
(пәндері: Дүниежүзі тарихы - 20сұрақ,
Қазақстан тарихы – 40сұрақ)
11 сынып

1. Үштік одаққа кірген мемлекет:
   A) Германия
   B) Англия
   C) Франция
   D) Вьетнам
   E) Ресей

2. Алғаш рет ғарышқа қай елдің азаматы ұшты?
   A) АҚШ
   B) Англия
   C) Германия
   D) КСРО
   E) Қытай

3. БҰҰ-ның білім, ғылым және мәдениет жөніндегі ұйымы:
   A) ЕҚЫҰ
   B) ЮНЕСКО
   C) НАТО
   D) ЕҚҰҚ
   E) ЕО

4. Египет мемлекеті экономикалық-аграрлы әсер етуші басты өзені:
   A) Хуанхэ
   B) Сырдария
   C) Ніл
   D) Ганга
   E) Еділ

5. Ежелгі Қосөзеннің қазіргі аумағы:
   A) Қазақстан
   B) Грекия
   C) Түркия
   D) Ирак
   E) Қытай

6. Құлдардың санының артуына себеп болды:
   A) Сатқындар
   B) Жер өңдеушілер
   C) Сотталғандар
   D) Қарызға батқан халық
   E) жауап жоқ

7. Мемлекет басшысы дінбасы болып саналатын басқару формасы:

A) Монархия
B) Республика
C) Теократия
D) Аристократия
E) Анархия

8. Кәсіпкерлік қызметті жан-жақты қолдау жүйесіне құрылатын модель:
A) шведтік;
B) жапондық;
C) германдық;
D) американдық;
E) қытайлық;

9. Екінші дүниежүзілік соғыс кезінде Үндістанның байлығын, азаматтарын өз мүдделері үшін пайдаланған:
A) Жапондықтар
B) Ағылшындар
C) Француздар
D) Немістер
E) Орыстар

10. ЮНЕСКО құрылған жыл:
A) 1919 жылы
B) 1930 жылы
C) 1941 жылы
D) 1945 жылы
E) 1949 жылы

11. АҚШ-тағы Нью-Йорк қаласында ең лаңкестік оқиға орын алды:
A) 1989 жылы
B) 1992 жылы
C) 1999 жылы
D) 2001 жылы
E) 2007 жылы

12. 1920 ж Сан-Ремо келісімімен сәйкес Ирак пен Палестинаға қамқорлық орнатқан мемлекет:
A) Ирак
B) Қытай
C) Франция
D) Англия
E) Ресей

13. 1920 ж Сан-Ремо келісімімен сәйкес Сирияға қамқорлық орнатқан мемлекет:
A) Ирак
B) Қытай
C) Франция

D) Англия
E) Ресей

14. Цинь династиясына қарсы халық көтерілісінің нәтижесінде пайда болған мемлекет:
A) Чжоу мемлекеті
B) Тан империясы
C) Хань империясы
D) Мин импеиясы
E) Юань империясы

15. Экономикалық жүйелердің үлгілері:
A) нарықтық, жоспарлы, дәстүрлі;
B) өнеркәсіптік, натуралдық, экономикалық;
C) барлық жауап дұрыс;
D) дағдарыстық, аралас, неоэтатистік;
E) өтпелі, әлеуметтік, құрылымдық;

16. Экономикалық жүйенің элементі:
A) капиталистік;
B) өндірістік ресурс;
C) шаруашылық тетігі;
D) мемлекеттік қатынастар;
E) барлық жауап дұрыс;

17. Дәстүрлі экономиканың сипатты белгісі:
A) еңбек бөлінісі;
B) қарапайым технологиялардың басым болуы;
C) барлық жауап дұрыс;
D) тұрақтылық;
E) жекеменшік теңсіздігі;

18. Алғашқы қауымдық шаруашылығы дамуының негізгі факторы:
A) сабақтастық;
B) егін және малшаруашылығына көшу;
C) шаруашылықтың экологиялық түрі;
D) қол еңбегі;
E) табиғи жағдайларға тәуелділік.

19. Бу машинасын ойлап тапты:
A) Д. Уатт
B) Р. Аркрайт
C) Хейс
D) Д. Кей
E) Д. Харгривс

20. Тарихта бірінші болып тұрақты әскер құрған мемлекет билеушісі:

A) Менес
B) Саргон
C) Навуходоносор
D) Хамураппи
E) II Рамзес

21. Атағы кеңінен жайылған Жамбыл облысы Мойынқұм ауданы Айдарлы ауылының шопаны:
A) Шығанақ Берсиев
B) Ким Ман Сам
C) Жазылбек Қуанышбаев
D) Ыбырай Жақаев
E) Кеңес Нұрпейісов

22. КСРО-да астық өнімін арттыру мақсатында 1954-1964 жылдар аралығында жүзеге асырылған мемлекеттік іс-шара:
A) Ұжымдастыру
B) Индустрияландыру
C) ЖЭС
D) Тың игеру
E) Әскери коммунизм

23. 1916 жылғы көтерілісте Торғайдағы әскердің сардарбегі болып сайланған:
A) Әліби Жангелдин
B) Әбдіғаппар Жанбосынұлы
C) Кейкі батыр
D) Амангелді Иманов
E) Рақымжан Мәдин

24. 1919 жылы 10 шілдеде құрылды:
A) Қазақ АКСР-і
B) Түркістан автономиясы(Түркістан мұхтариаты)
C) Алашорда (Алаш автономиясының үкіметі)
D) Қырғыз (Қазақ) өлкесін басқару жөніндегі революциялық Комитет (Қазревком)
E) Түркістан АКСР-і

25. 1925 жылы 15-19 сәуір аралығында Қазақ АКСР-і Кеңестерінің V съезі өтті:
A) Ақмолада
B) Орынборда
C) Алматыда
D) Қызылордада
E) Оралда

26. «Адамға табын, Жер, енді!» атты поэмасын жазған:
A) Мұхтар Шаханов
B) Мұқағали Мақатаев

C) Әбджәміл Нұрпейісов
D) Олжас Сүлейменов
E) Мұзафар Әлімбаев

27. Н.С. Хрущевтің атына хат жазып, хатында адамның жекебасының құқықтарын бұзу, ұлттық саясат саласындағы бірқатар бұрмалаушылықтар, қазақ тілінде оқытатын мектептердің қысқартылуы т.б. олқылықтар жөнінде өз пікірін білдірген Шығыс Қазақстан облысындағы орыс тілі пәнінің мұғалімі, майдангер, жоғары білімді маман:
A) У. Ахметсафин
B) М.Елікбаев
C) М. Айтхожин
D) Д. Сокольский
E) Л.Гумилев

28. «Миллионер» шығармасының авторы:
A) С. Мұқанов
B) Ш. Айманов
C) Ғ. Мустафин
D) А. Жұбанов
E) А. Әшімов

29. 1989 жылғы 22 қыркүйектегі Қазақ КСР Жоғарғы Кеңесінің кезектен тыс өткен он төртінші сессиясында қабылданды:
A) «Қазақ КСР Ғылым академиясының Тіл және әдебиет институтының жұмысындағы саяси өрескел қателіктер туралы»
B) Қазақ КСР-інің тілдері туралы» Заңы
C) КСРО Конституция
D) Қазақ КСР-нің Конституциясы
E) «Қазақ КСР-інің Мемлекеттік егемендігі туралы» Декларация

30. 1992 жылғы 6 қаңтардан бастап қабылданды:
A) «Қазақстан - 2030»
B) «Бағаны босату туралы» Жарлық
C) «Мемлекет иелігінен алу және жекешелендіру туралы»
D) «Еліміздің жаңа ғасырдағы тұрақтылығы мен қауыпсіздігі»
E) «Қазақстан - 2050»

31. 1993 жылдың 5 наурызында қабылданып, жекешелендірудің екінші кезеңіне жол ашқан:
A) «Қазақстан Республикасындағы мемлекет иелігінен алу және жекешелендірудің ұлттық бағдарламасы»
B) «Қазақстан - 2030»
C) «Мемлекет иелігінен алу туралы»
D) «Еліміздің жаңа ғасырдағы тұрақтылығы мен қауыпсіздігі»
E) «Қазақстан - 2050»

32. Тың игерудің басым көпшілігі жүзеге асырылған аймақ:
A) Оңтүстік
B) Батыс
C) Орталық
D) Солтүстік
E) Шығыс

33. 1959 жылы үш күн бойы көтеріліс болды:
A) Алматыда
B) Оралда
C) Шымкентте
D) Теміртауда
E) Жамбылда

34. 1947 жылы алғаш рет мырыш шығарған қорғасын-мырыш комбинаты салынды:
A) Қарағандыда
B) Алматыда
C) Ақтөбеде
D) Өскеменде
E) Қызылордада

35. 1946 жыл Ә.Марғұлан жетекшілігімен археологиялық зерттеулер жүргізді:
A) Іле археологиялық экспидициясы
B) Ш.Уәлиханов атындағы тарих, археология және этнографиялық институты
C) Жетісу археологиялық экспидициясы
D) Орынбор этнографиялық институты
E) Орал археология және этнографиялық экспидициясы

36. 1954 жылы К.Ақышев жетекшілігімен жұмысын бастаған ғылыми-зерттеу орталығы:
A) Іле археологиялық экспидициясы
B) Ш.Уәлиханов атындағы тарих, археология және этнографиялық институты
C) Жетісу археологиялық экспидициясы
D) Орынбор этнографиялық институты
E) Орал археология және этнографиялық экспидициясы
Дереккөз: Джандосова З. А. Қазақстан тарихы. Жалпы білім беретін

37. 1970 жылдары Қазақстанда пертоглифтерді зерттеу жұмыстарымен айналысты:
A) М.Қадырбаев
B) Ұ. Үмітқалиев
C) В.Ф.Зайберт
D) С. Раздықов
E) Н. Әбдіғали

38. 1980 жылдары энеолиттік Ботай тұрағын ашып зерттеген археолог
A) М.Қадырбаев
B) К.Ақышев
C) В.Ф.Зайберт
D) Ә.Төлеубаев
E) З.Самашев

39. 2004 жылы ЮНЕСКО тізіміне енгізілген Жетісу пертоглифтері:
A) Қаратау
B) Құлжабасы
C) Ешкіөлмес
D) Тамғалы
E) Арпаөзен

40. 1920-1930 жылдардағы археологиялық зерттеулер қола дәуіріне жататын 500-ден астам қоныс пен қорған зерттелген аумақ:
A) Алматы
B) Ақмола
C) Орынбор
D) Маңғыстау
E) Ақтөбе

41. «Ұлы Дала» таралған аймақ:
A) Алтайдан Әмударияға дейін
B) Дунайдан Маньчжурияға дейін
C) Ертістен Орхонға дейін
D) Алтайдан Хаунхэға дейін
E) Атлайдан Алатауға дейін

42. Ұлы Дала – тарихи мәдени ұғым, ал оның географиялық атауы:
A) Шығыс Азия
B) Еуразия
C) Кіші Азия
D) Оңтүстік Азия
E) Сібір

43. Орта ғасырдардағы мұсылман жазба деректерінде Ұлы Даланың Дунайдан Алтайға дейінгі аралығы аталды:
A) Жетісу
B) Кавказ
C) Мәуереннахр
D) Дешті Қыпшақ
E) Еуразия

44. Қазақстан тарихы ғылымында X-XVII ғ. Қаратеңіз бен Каспий теңізі аралығын атады:

A) Батыс Дешті Қыпшақ
B) Скандинавия
C) Шығыс Дешті Қыпшақ
D) Мәуереннахр
E) Маньчжурия

45. Ұлы Даланың экологиялық, табиғи-климаттық жағдайы қолайлы болды:

A) балық шаруашылығына
B) отырықшылыққа
C) қала мәдениетінің қалыптасуына
D) көшпелі мал шаруашылығына
E) қолөнер шаруашылығына

46. б.з.б. 3700-3100 жылдар арасында өмір сүрген мәдениет:

A) Ботай-Терсек мәдениеті
B) Көнешұңқыр мәдениеті
C) Андрон мәдениеті
D) Шебір мәдениеті
E) Алакөл мәдениеті

47. б.з.б. 3600-2300 жылдары Ұлы Даланың батыс бөлігін қамтыған, энеолиттік және ерте қола дәуірінің мәдениеті:

A) Ботай-Терсек мәдениеті
B) Көнешұңқыр мәдениеті
C) Андрон мәдениеті
D) Шебір мәдениеті
E) Алакөл мәдениеті

48. Шаштың солтүстігін Сырдария аймағы алып жатыр, аймақ қаңлы атымен авестада кездеседі, Сыма Цян «Қаңлы мемлекеті» деп атады. Бұл мәдениеттің Арыс пен Сырдария өзендерінің қосылған тұсында орналасқан қала:

A) Ташкент
B) Фараб
C) Самарқан
D) Сығанақ
E) Созақ

49. Қимақтардың бидай, арпа, күріш және жүзім өсіретіні туралы мәлімет қалдырған:

A) Гардизи
B) Әл-Омари
C) Әл-Идриси
D) Л.Гумилев
E) Ибн Сина

50. Ұзындығы 20 шақырымдай болатын Зах арығы табылды:
A) Ертіс өзені бойынан
B) Шыршық өзені бойынан
C) Сырдария өзені бойынан
D) Іле өзені бойынан
E) өзені бойынан

51. 1692 жылы қазақ жеріне келіп: «Тәуке ханда нан көп, қазақтар бидай, арпа және тары өсіреді...»,- деген елші:
A) В.Кобяков
B) Ф.Жилин
C) Б.Брянцев
D) Т.Чебуков
E) В.Перовский

52. Ұлы Жібек жолының шығысқа шығатын қақпасы:
A) Жетісу
B) Сарыарқа
C) Мұғалжар
D) Қарақұм
E) Мауереннахр

53. «Тараз - мусылман түркілердің сауда жасайтын орны» немесе «Тараз - көпестер қаласы» деген араб ғалымы:
A) Әл-Идриси
B) Әл-Омари
C) Ибн Сина
D) Әл-Бируни
E) Ибн Хаукаль

54. «Қазақ ұлты өмір сүруінің өзі проблемаға айналды», - деген:
A) М.Дулатұлы
B) Ә.Бөкейханұлы
C) А.Байтұрсынұлы
D) С.Сәдуақасов
E) Х.Досмұхамедов

55. «Халықтардың дамуы мен шаруашылық-мәдени ерекшеліктерінің қалыптасуында географиялық және экологиялық фактор үлкен рөл атқарады»,- деген түркітанушы:
A) В.Бартольд
B) Л. Гумилев
C) Қ.Сартқожаұлы
D) М.Қашқари
E) Ж.Баласағұни

56. «Жоспарланбаған көші-қон туралы сөз болуы мүмкін емес… тайпа немесе тайпалық бірлестіктер жайылымдарын өздерінің жекеменшігі ретінде санайды, көрші тайпалардың басып кіруіне жол бермейді»,-деген түркітанушы лингвист:

A) В.Бартольд
B) М.Қашқари
C) Л. Гумилев
D) В.Радлов
E) Ж.Баласағұни

57. Абылай хан заманында өмір сүрген тарихи тұлға

A) Мәшһүр Жүсіп Көпейұлы
B) Сырым Датұлы
C) Тәттімбет Қазанғапұлы
D) Шоқан Уәлиханов
E) Әлихан Бөкейхан

58. 1969 жылы Есік қорғанынан күміс тостаған тапқан:

A) М.Қадырбаев
B) Ә.Марғұлан
C) К.Ақышев
D) З.Самашев
E) Ж. Таймағанбетов

59. Жезқазған маңындағы кен орындары көне металлургияның орталықтарының бірі болғанын айғақтайтынын дәлелдеген:

A) М.Қадырбаев
B) Ә.Марғұлан
C) К.Ақышев
D) З.Самашев
E) Ж. Таймағанбетов

60. «Көшпеліні ішіп-жегізетін де, киіндіретін де мал, ол үшін малының аман болғаны қымбат. Қазақтардың амандасуы «мал-жан аман ба?» деуден басталады»,-деген:

A) Лев Гумилев
B) Мәшһүр Жүсіп Көпейұлы
C) Шәкәрім Құдайбердіұлы
D) Шоқан Уәлиханов
E) Әлихан Бөкейхан